

**Директордың барлық
орынбасарларына,
Ж.О. Құлжабаеваға, Л.Г. Цайға,
құрылымдық бөлім
басшыларына, филиалдардың
директорларына**

«ЗҚАИ» РМК директорының 2020ж.23.12. № 218 Бұйрығын орындау үшін Жұмыс тобы әділет органдары (кәсіпорын) жүйесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды келесі бағыттар бойынша тексереді:

1) кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ұйымдастырушылық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Осы іс-шара шеңберінде кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікке тарту мәселесі бойынша міндетті түрде тексеру жүргізу қажет, сондай-ақ жалпы қылмыстар мен әкімшілік теріс қылықтар жасағаны үшін кәсіпорын қызметкерлерін жауапкершілікке тарту туралы деректерді, мас күйінде көлік құралын басқаруды, не ЖКО-ларды қосып тексеру қажет, бұдан басқа, ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істерді қысқарту туралы фактілерді (тараптардың татуласуы, ескіру мерзімінің өтуі және т.б.) тексеруге міндетті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңын басшылыққа ала отырып, келесі іс-шараларды ұсынамын:

1. Тұрақты негізде тиісті мониторинг жүргізу және ол бойынша ақпаратты «ЗҚАИ» РМК Кадр бөліміне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне тоқсан сайын ұсыну;

2. Жоғарыда аталған барлық әрекеттерді жасаған кәсіпорын қызметкерлері бұл туралы құрылымдық бөлімшенің басшысына және кәсіпорынның кадр қызметіне дереу хабарлауға міндетті;

3. Кәсіпорын қызметкерлерін қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері жасырылған жағдайда, сондай-ақ қандай да бір құқықтан айыруға не тұтқындауға әкеп соққан әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін бөлімше басшылары мен кінәлі адамдар жауапқа тартылатын болады.

Директор

Р.К. Сәрпеков